

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қараша 2024 жыл 3 апта

I-IV топ

Сабақтың мақсаты:

- Жанама септіктердің мағынасын түсіну дағдыларын дамыту;
- «Аяқ-киімдер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;
- Еліктеу арқылы етістіктерді қолдануын дамыту;
- Көріп қабылдауын, естіп қабылдауын дамыту;
- Есту және көру зейінін дамыту;

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 18.11.2024	Сейсенбі 19.11.2024	Сәрсенбі 20.11.2024	Бейсенбі 21.11.2024	Жұма 22.11.2024
Балаларды қабылдау	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, танымдық әрекет. Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау.				
Ата-ана мен логопедмен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-ана мен логопедке кеңес беру. Баладағы өзгерістер мен үй жағдайында баланы дамыту жұмыстары туралы сұрап отыру.				
Қызығушылығын ояту	Логопед пен балалар шаттық шеңберіне тұрып өлең жолдарын айтады: - Шаттық шеңбер Біз айнала тұрамыз Үлкен шеңбер құрамыз. Жәй жүреміз алдымен Бірте - бірте тездетіп. Жүгіреміз желдетіп Тағы жаймен жүреміз Тыныш - тыныш дейміз де Орнымызға келеміз				
Негізгі кезең	Балалармен шеңберге тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіру. Сабақтың тақырыбы туралы жұмбақ қою арқылы сабаққа қызығушылық ояту. Жұмбақ: Сыртқа киемін әрқашан, Қыс, көктемде, күзде де.		Логопед жалпы аяқ-киім түрлері туралы сұрайды. Логопед балаларға күздік аяқ-киімдер және ұл бала мен қыз баланың аяқ-киімдері жайлы әңгімелейді.		

Менсіз аяқ жаурайды,
Ол не, кәне айта гой?
(Жауабы: аяқ киім)

Тақырыппен таныстыру

Балаларға әртүрлі аяқ киім түрлерінің суреттерін көрсету және олардың атауларымен таныстыру.



Әр аяқ киімнің қандай маусымда киілетінін және олардың ерекшеліктерін түсіндіру. Мысалы, қысқы аяқ киім жылы әрі қалың болады, ал жазғы аяқ киім жеңіл және ашық келеді.

Ойын: “Аяқ киімді тап”

Балаларға әртүрлі аяқ киім түрлерінің суреттерін тарату.



-Дұрыс айтасыздар, балалар. Киімдердің түрлері көп екен. Әр жыл мезгіліне сай киімдер болады. Ал, қазір жылдың қай мезгілі?

-Күз мезгіліне сай қандай аяқ-киімдерді білесіздер?



Жаңама септіктердің сұрақтарын түсіну дағдыларын дамыту;

1-Ойын "Көңілді доп". шарты: мен отбасы мүшелерін жекеше түрде айтып допты сендерге беремін, кімге деген сұраққа жауап беріп айтындар

Ата-атаға

Әже-әжеге

Ана-анаға

Әке-әкеге

Аға-ағаға



Жанама септіктердің сұрақтарын түсіну дағдыларын дамыту.

1. «Жануарлар нені жейді?» ойыны.

Суреттер бойынша сұрақтарға жауап бер. Кім нені жейді?



«Қисық жолдар» ойыны. Немен ойнайды?

Сызықтарды қосып кімнің немен ойнайтынын тап


Тәте-тәтеге

Балалар енді бойымызды сергітіп алайық

«Аспазшы» ойыны

Сорпа неден жасалған? Шырын неден жасалған?

Суретке карап айтып шық



Сергіту сәті: «Менің жанұям» саусак ойыны

Бармақ-әке, бармақ- әке қайдасың?

- Бармақ ана, бармақ ана қайдасың?

-Бармақ аға, бармақ аға қайдасың?

-Бармақ әпке, бармақ әпке қайдасың?

-Бармақ бөбек, бармақ бөбек қайдасың?


Есту және көру зейінін дамыту.

"Қол шапалақтау" ойыны

Логопед аяқ-киімдерді және басқа сөздерді алаңдататын сәт ретінде атайды. Балалар аяқ-киімнің атын естігенде қол шапалақтайды.

Логопед: етік, сандал, тәпішке, красовки.

- Жарайсындар балалар!



Айдос поездбен ойналды

Айжан пирамидамен ойналды

Саят доппен ойнады

Мали кубикпен ойнады

Есту және көру зейінін дамыту.

Ойын: "Жоғалған аяқ киімді тап"

Мақсаты: Балалардың еске сақтау қабілетін және зейінін дамыту.

Қажетті материалдар: Балалардың өздерінің аяқ киімдері.


Ойын ережесі:

- Балалар аяқ киімдерін шеңберге жинап, араластырып қояды. Әр бала өз аяқ киімін табуы керек. Балалар бір-бірінің аяқ киімін табуға көмектесіп, өздерін қызықты ойын ретінде сезінеді.

Танымдық аймағын дамыту

Ойын: "Аяқ киімдер шеруі"

Нейрогимнастикалық жаттығу. Оң және сол қолды бір уақытта қозғалта отырып, тиінге көмектес.




VI. Ойлау қабілетін дамыту.

Ойын: "Аяқ киімді тап"

- Балаларға әртүрлі аяқ киім түрлерінің суреттерін тарату.

- Тәрбиеші әртүрлі маусымдарды немесе жағдайларды айтады (мысалы, "қыс", "жаз", "спорт", "үй"), ал балалар тиісті аяқ киімді көрсетеді.



Мақсаты: Балалардың назар аудару және еске сақтау қабілеттерін дамыту.

Қажетті материалдар: Өртүрлі аяқ киім (балабақшада бар аяқ киімдер болса, соларды қолдануға болады).

Ойын ережесі:

- Логопед аяқ киім түрлерін көрсетіп, олардың атын атап шығады (мысалы, “етік”, “сандал”, “кроссовка”).

- Көрсетілімнен кейін аяқ киімдерді араластырып, балалардан өз ретімен қайтадан орналастыруды сұрайды.


VII. Ұсақ қол моторикасын дамыту.

Қыста киетін аяқ-киімді боя.



VIII. Дауыспен жұмыс. «етік» сөзін баяу, жай, қатты, өте қатты айт.

Ойын: «Жұбын тап»



VIII. Дауыспен жұмыс. «етік, бәтінке, красовкий, тәпішке» дыбысын баяу, жай, қатты, өте қатты айт.



«А, О, У, И» дыбысын созып айт.



	«У, О, А, И, Ү, Ү» дыбысын созып айт. _____ _____ _____	
Сабақтың соңы	- жарайсындар балалар! - бүгінгі сабақ ұнады ма?	жарайсындар балалар! - бүгінгі сабақ ұнады ма?

Әдіскер Каримова С.С.